

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 4

24.03.2023 жыл

Индер ауданының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен проблемалық мәселелері, оның шешілу жолдары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқық, төтенше жағдайлар және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау бөлімінің басшысы Н.Сағынғалиевтің хабарламасы қаперге алынсын.

2. Аудан әкімі аппаратына (Н.Сағынғалиев) төмендегідей ұсыныстар берілсін:


1) Индер ауданының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын үнемі бақылауда ұстау;

2) Өзіне өзі қызмет көрсету бұрыштарының қарқынды жұмыс жасауына жағдай жасау;

3) Мемлекеттік қызмет алушылармен кері байланыс орнату (кемшіліктерді анықтау мақсатында) ұсынылсын.

3. Осы ұсыныстарды қарау нәтижесі туралы Заңмен белгіленген мерзімде қоғамдық кеңеске хабарлама ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



А.Балахметов